

Ерейментау аудандық мәслихатының 2022 жылғы 9 желтоқсандағы № 7С-37/2-22 " Ерейментау ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 8С-36/2-25 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 20 қаңтарда № 8885-03 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Ерейментау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Ерейментау ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" Ерейментау аудандық мәслихатының 2022 жылғы 9 желтоқсандағы № 7С-37/2-22 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31058 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ерейментау аудандық мәслихатының төрағасы

М.Абжиков